**№5бобекжай-бақшасының Аналитикалық анықтамасы «23» қыркүйекте 2022жылы директор манындағы кеңесте қарастырылды.**

**Тақырыбы:**МДҰ балалардың тамақтануың ұйымдастыруын ас блогың,топтағы қызметкерлердің басқару әрекетің бағалау (тамақ алу кестесін сақтау, топтардағы үстелдерді жию,үстел үстінде балалардың мәдени тамақтану ).

**Мақсаты:** МДҰ балалардың тамақтануыцн ұйымдастырудағы оқу процесінің тиімділігін арттыру, тәрбиеленушілердің тамақтану кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту арқылы салауатты өмір туралы құндылық ойды қалыптастыру.

**Бақылауды өткізу үшін мына құрамында комиссия құрылды:**

Досмакова Д.Ж., Абенова Б.У., Баксимова Л.К., Байгобен Л.Т. -медбике, Махамбетова Г.С. -КК төрайымы

**Бақылау жүру барысында МДҰ қызметкерлердің келесі бағыттардағы қызметіне талдау жасады:**

1.Асханада кезекшілікті ұйымдастыру, кезекшілік бұрыштың болуы

2.Тамақтану кезіндегі үстелдің үстін жасау ережелері, ас құралдардың, майлықтардың, нан тәрелкесінің болуы

3.Тағамдардың ұсыну эстетикасы

4.Мектеп жасына дейінгі балалардың жасына сәйкес мәдени-гигиеналық дағдылары мен тамақтану мәдениетінің дағдыларының қалыптасуы

5.Балалардың тамақтану кезінде дұрыс қалыпты сақтау және тамақтандыру кезіндегі әр балаға жеке тәсілді іске асыруы

6.Балалардың тәбетін арттыру үшін белгілі бір көңіл-күй қалыптастыру

7.МДҰ тәрбиеленушілерді тамақтандыру кезінде тәрбиеші мен көмекшінің өзара әрекеті

8.Отбасымен жұмыс

9.Тамақ алу кестесін сақтау

10.Әр топта өлшеуіш ыдыстың болуы. Тамақтың құйы нормасы

**Бақылауға қатысушылардың жиынтық кестесі**

| Бақылау бағыттары | Ортаңғы Түймедақ | Ортаңғы Қызғалдақ | Ересек Айгөлек | Мектепалды Бәйшешек |
|---|---|---|---|---|
| Асханада кезекшілікті ұйымдастыру кезекшілік бұрыштың болуы | 5 | 5 | 5 | 5 |
| Тамақтану кезіндегі үстелдің үстін жасау ережелері ас құралдарының майлықтардың нан тәрелкесінің болуы | 5 | 5 | 5 | 5 |
| Тағамдардың ұсыну эстетикасы | 5 | 5 | 5 | 5 |
| Мектеп жасына дейінгі балалардың жасына сәкес мәдени-гигиеналық дағдылары мен тамақтану мәдениетінің дағдылары жақсы қалыптасуы | 3 | 3 | 4 | 4 |
| Балалардың тамақтану кезінде дұрыс қалыпты сақтау және тамақтандыру кезіндегі әр балаға жеке назар аудару | 5 | 5 | 5 | 5 |
| Балалардың тәбетін арттыру үшін белгілі бір көңіл-күй қалыптастыру | 5 | 5 | 5 | 5 |
| Тәрбиеленушілерді топта тамақтандыру кезінде тәрбиеші мен көмекшінің өзара әрекеті | 5 | 5 | 5 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Тамақ алу кестесін сақтау | 5 | 4 | 5 | 5 |
| Әр топта өлшеуіш ыдыстың болуы Тамақтың құйы нормасы | 4 | 4 | 5 | 5 |
| Балдары | 43 | | 44 | |

**Медико-педагогикалық бақылаудың шешімі**

Тексеріс кезінде МДҰ балалардың тамақтануы әр жас тобының күнделікті тәртібіне сәкес жүзеге асырылатыны анықталды.

Барлық жас топтарында тәрбиешілермен тамақтану үшін жағдай жасалынып, асханада кезекшілік жүргізіледі, кезекшілік бұрышы, кезекшілік кестесі, атрибуттары бар.

Кезекшілік бұрыштары эстетикалық келбетке ие болып, көз тартады, мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері Уваисова Н.М., Хасенова Ж.К.. асхана бойынша кезекшілікті әдіске сай, балалардың жасына сәйкес ұйымдастырады, балалар арнайы киім киіп тәрбиешінің көмекшісіне үстелді жасауға көмектеседі: ас құралдарын, нан салғыштар мен майлық салғыштарды үстелдің үстіне ұқыпты қояды.

Тексеру кезінде топтарда үстелдің жасаулары дұрыс болды: ас құралдары, нан тәрелкелері мен майлықтар ұқыпты орналастырылған.

Тамақ балаларға шамалы ыстықтай беріледі. Тамақтың сыртқы келбеті және дәмі сапасы жағынан жақсы.

Барлық жас топтарындағы тәрбиешілер балалардың тамақтануларында мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастырады: балалар тамақты аздап алып, жақсылап, тамақтану кезінде сөйлемей, ұсатып шашпай ұқыпты жеу керектігін біледі.

**Бірақ та, кейбір тәрбиешілер балаларға ұқыпты шашпай тамақтану туралы үнемі айтып отырмайды.**

**Тәрбиешілердің көмекшісілері тамақтану кезінде үстелдердің тазалығын қадағаламайды.**

«Айгөлек» ортаңғы тобының тәрбиешілері Қайрат Д.К.,Бесжанова Л.К. балалардың майлықтармен, ас құралдармен дұрыс қолдануларын, тамақты аздап алуларын және тамаққа алғыс алуларын және тамаққа алғыс айтуларын қадағалап отырады.

Ортаңғы топтағы балалардың дағылары енді қалыптасып келеді, сондықтан осы топтардың тәрбиешілері балалардың тамақтануына аса зор назар аударады, балаларды қасықты дұрыс ұстауға үйретеді, жеке тәсілді іске асырады (балаларды өздері тамақтандырады).

Барлық топтың тәрбиешілері балалардың тамақтану дағдылары мен мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруда жұмыстарын жалғастырады: қасықты дұрыс ұстауға үйретеді, тамақты аздап алу керектігін естеріне салып отырады, үстелдің басында балалар сөйлемей, тамақ берген үшін ризашылық білдірулерін бақылайды.

**Сонда да, әр жас топтарында ас құралдарымен, әсіресе шанышқымен, дұрыс қолдана алмайтын балалар бар. Жиірек ересек топтардың балалары ас құралдарымен дұрыс пайдалана алмайды. Бұл өткен жылдағы тәрбиешілер балалардың тамақтануын дұрыс назар аудармағандарын көрсетеді.**

Барлық топтардың тәрбиешілері балалардың тамақтануын басқарады, қалыпты сақтау, үстелдің басындағы мінез-құлықтарын, балалардың көңіл-күйлерін бақылайды, балалардың кез келген көмек сұрауына қол созады, сонымен қатар балаларға бүгін қандай тағам ұсынылған, қандай азық-түліктен жасалғаны, қалай тәбетті көрінетінін түсіндіреді..

Топтарда тәрбиеші мен көмекшісінің өзара әрекеттесуі бақыланады.

Тамақтану уақыты барлық топтарда жзас ерекшеліктері мен гигиеналық талаптарға сәйкес. Тамақ балалардың жас ерекшілігі бойынша кесте уақытымен беріледі. Тогптарда тамақтың құйю нормалары сақталынған, өлшеуі ыдыстары бар.

**Бірақ та, кейбір балалар қасықты дұрыс ұстап алмайды, сондықтан жұмыс жүргізу керек .**

МДҰ балалардың тамақтандыруы баланың отбасындағы тамақтануына үйлесімді болу керек. Осы мақсатпен әр жас топта ата-аналарға арналған ақпарат бар, онда педагогтар ата-аналарды бүгінгі аса мәзірі туралы хабарландырады. Ақпараттық бұрышта балалардың мәдени-гигиеналық тәрбиесі туралы сұрақтар бойынша, өсімдік тағамдардың пайдасы туралы, дәрумендіру туралы және т.б ақпараттар орналасқан.

-Ересек «Қызғалдақ» тобында тәрбиешілер Уваисова Д.Т.,Хасенова Ж.К.. «Дәрумендік отбасы» атты ақпарат

-Ортаңғы «Айгөлек» тобында Еслямова Д.Т.,Қайрат Д.Қ «Лас қолдар немен қауіпті» және жылжымалы папкада жадынама

-«Бәйшешек» мектепалды тобында «Тамақтан улану»

-«Түймедақ» мектепалды тобында Баксимова Л.К.,Дуйсенова Л.Т. жылжымалы папкада «Балабақшадағы тамақтану мәдениеті»

Осылайша, тексеруден кейін келесі шешім жасауға болады: мектепке дейінгі ұйымда тамақтанудың ұйымдщастыру жұмысы ұйымдастырылған.

Ортаңғы «Түймедақ», «Қызғалдақ» ересек топтарында «Айгөлек» мектепалды топтардың жұмыстын жүйелілігі бақыланады.

Шешімдері: 1. Қауіпсіздік жол жүру ережесін тәрбиенушілермен жүргізуге жалғастыру; Жол жүру ережелерімен үнемі таныстыру және сақтау ата-аналармен педагогтардың бірлесіп жұмыс жасау.

Жауапты: **педагогтар.** Мерзімі: **әрдайым**

2. Барлық жас топтардың тәрбиешілері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану дағдылары мен мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруда жұмыстарын жалғастырсын.
3.Ортаңғы топ тәрбиешілері балалардың тамақтану мәдениетінің дағдыларын қалыптасуына мән беріп, ас құралдарын дұрыс қолдана білуге және әр балаға жеке тәсілді іске асырсын.

Жауаптылар: тәрбиешілер және тәрбиешінің көмекшілері. Мерзімі: жыл бойы

4. «Бәйшешек» мектепалды топтын тәрбиешілері балалардың дұрыс қалыпы мен тамақтану мәдениетін бақыласын.

Жауаптылар: **топтың тәрбиешілері Мерзімі: қараша айы 2022ж**

5. «Түймедақ» мектепалды тобының тәрбиешілері балалармен осы тақырып бойынша режимдік сәттерде, танымдық сабақтарда, үстелдің басына отырар алдында, тамақтану кезінде және т.б әртүрлі тәсілдер арқылы оқытушылық сұхбаттар мен конструктивті әңгіме жүргізсін.

Жауаптылар**: тәрбиешілер Мерзімі: үнемі**

6.Ата-аналар үшін мезгіл-мезгіл тамақтын пайдасы мен зияны туралы ақпараттар ұсынылсын.

Жауаптылар: **тәрбиешілер Мерзімі: үнемі**

Директор Д.Досмакова

Абенова Б.У., Баксимова Л.К., Байгобен Л.Т Махамбетова Г.С.